

**«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту бойынша қызметтерді
өтеулі көрсетудің 2019 жылғы 14 қаңтардағы №1 шарты шегінде өнім берушілердің
біліктілігін іріктеу қорытындылары туралы
№1 хаттама**

Астана қаласы

«19» наурыз 2019 жыл

Тапсырыс беруші – «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – АЕО РМК), келесі мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Z10K8H4, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 10-үй.

Көрсетілетін қызметтердің атауы: «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің «Жіктелімдер және стандарттар» ақпараттық жүйесін және «Статистикалық бизнес тіркелім» ақпараттық жүйесін дамыту бойынша қызметтер.

Осы тәсілді қолдану негіздемесі: ҚР Бюджет Кодексінің 41 бабы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 1-бабы 4-тармағы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодесінің 33-тарауы, «Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 236 бұйрығы және «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 808 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 245 қаулысы, АЕО РМК-ның директоры міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 тамыздағы №268-п бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тапсырманы орындау шегінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қосалқы мердігерлермен шарт жасасу тәртібі.

Біліктілігін іріктеуге қатысу үшін өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілер:

1) «Arlan Group» ЖШС – ҚҚС-ты қоспағанда, 52 031 930 (елу екі миллион отыз бір мың тоғыз жүз отыз) теңге.

2) «Констант - лаб» ЖШС – ҚҚС-ты қоспағанда, 40 981 250 (қырық миллион тоғыз жүз сексен бір мың екі жүз елу).

Әлеуетті өнім берушілер ұсынған құжаттардың тізбесі:

1) «Arlan Group» ЖШС:

- 2019 жылғы 15 наурыздағы № 303 коммерциялық ұсыныс;

- «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің «Жіктелімдер және стандарттар» ақпараттық жүйесін және «Статистикалық бизнес тіркелім» ақпараттық жүйесін дамыту бойынша қызметтерді көрсетуге техникалық ерекшелік;

- Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 2013 жылғы 14 тамыздағы электрондық анықтама;

- «Arlan Group» ЖШС директорының 2013 жылғы 14 тамыздағы № 1 бұйрығы;

- техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес әлеуетті өнім берушінің штаты туралы құжаттардың көшірмелері;

2) «Констант - лаб» ЖШС:

- «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің «Жіктелімдер және стандарттар» ақпараттық жүйесін және «Статистикалық бизнес тіркелім» ақпараттық жүйесін дамыту бойынша 2019 жылғы 14 наурыздағы коммерциялық ұсыныс;

- «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің «Жіктелімдер және стандарттар» ақпараттық жүйесін және «Статистикалық бизнес тіркелім» ақпараттық жүйесін дамыту бойынша қызметтерді көрсетуге техникалық ерекшелік;

- Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы 2018 жылғы 25 нілдедегі электрондық анықтама;

- «Лауазымға кірісуі туралы» «Констант - лаб» ЖШС директорының 2014 жылғы 24 қарашадағы № 1л/с бұйрығы;

- 2018 жылғы 13 желтоқсандағы Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі. Сериясы 62001 № 1014663;
- техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес әлеуетті өнім берушінің штаты туралы құжаттардың көшірмесі.

2018 жылғы 29 тамыздағы №268-п АЕО РМК-ның директоры міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тапсырманы орындау шегінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қосалқы мердігерлермен шарт жасасу тәртібінің (бұдан әрі – Тәртіп) 6 және 13-тармақтарына сәйкес әлеуетті өнім берушілердің ұсынған құжаттардың тізбесін қарау нәтижесінде **комиссия келесі шешім қабылдады:**

1) Әлеуетті өнім беруші талап етілген жұмыстарды орындауға саны мен құзыреті бойынша жеткілікті қызметкерлер штаты туралы растауды ұсынбағандықтан, «Arlan Group» ЖШС-ның өтінімі қабылданбайды. Сонымен қатар әлеуетті өнім берушінің коммерциялық ұсынымында жұмыстар санаты дұрыс көрсетілмеген («Жабдық»). Сондай-ақ, әлеуетті өнім берушінің коммерциялық ұсынымында және 2013 жылғы 14 тамыздағы №1 бұйрығында «Arlan Group» ЖШС директорының тегінде сәйкессіздіктер бар.

2) Барлық талаптарға сәйкес құжаттар тізбесі мен ең төмен баға – ҚҚС-ты қоспағанда, 40 981 250 (қырық миллион тоғыз жүз сексен бір мың екі жүз елу) теңге ұсынған «Констант - лаб» ЖШС-мен шарт жасалсын.

Комиссия төрағасы

_____ **Н. Рахметов**

Комиссия мүшелері

_____ **Қ. Нашаров**

_____ **Ж. Оразбаев**

_____ **Н. Демина**

_____ **А. Кәкенова**

Комиссия хатшысы

_____ **Ш. Тұраш**